

50 Est. 1972

ZHETYSU UNIVERSITY

Жетісу

ýniversiteti

№9-10 (222-223)

21 қазан

2022 жыл

ALMATY OBLYSTYQ QOǴAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI

АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА

«ХАЛЫҚТЫҢ КЕМЕЛІНЕ КЕЛІП ӨРКЕНДЕП ӨСУІ ҮШІН ЕҢ АЛДЫМЕН АЗАТТЫҚ ПЕН БІЛІМ ҚАЗЕТ». ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ДЕМОКРАТ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ОСЫЛАЙ ЖАЗҒАН ЕКЕН. ХХІ ҒАСЫРДА БҮЛ СӨЗДІҢ МӘНІ АРТА ТҮСПЕСЕ КЕМІГЕН ЖОҚ. ЕЛІМІЗДЕ АЗАМАТТАРҒА ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРЕТІН 120 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ БАР. ОНДАҒЫ СТУДЕНТ САНЫ - 623 МЫҢНАН АССА, ОҚЫТУШЫ-ПРОФЕССОРЛАР САНЫ 36 378 АДАМ. ЕЛ ДАМУЫНА БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҮЛЕС ҚОСЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ОСЫ 120 ЖОО-НЫҢ БІРІ – І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ.



Қуат БАЙМЫРЗАЕВ,
Басқарма Төрағасы – Ректор

бағдарламаларын халықаралық аккредиттеуден өткізді.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті педагогикалық бағыттағы мамандықтарды халықаралық аккредиттеуден өткізген Қазақстандағы алғашқы оқу орны.

2017 жылдары Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде 6 мыңнан астам студент 40 мамандық бойынша бакалавриатта, 21 мамандық бойынша магистратурада, 6 мамандық бойынша докторантурада білім алды. Көпсалалы университеттердің ұлттық рейтингінде білім ордасы 12-орынды иеленді. Сонымен қатар, университет жоғары оқу орындарының халықаралық (ARES-2017) рейтингісіне қазақстандық 95 жоғары оқу орындарының ішінде 27-орынға шықты.

Осы жылдары 67 білім беру бағдарламасының 61-і мамандандырылған аккредиттеуден өткен. 2016-2017 оқу жылында әскери кафедра, Биотехнология мәселелерін зерттейтін ғылыми-зерттеу институты, «Даму» АҚ бірлескен «Стартап-Академия» ашылды.

Жас ғалымдардың ғылыми жобаларын қолдау және Алматы облысы кәсіпкерлерінің тың идеяларын жүзеге асыруды қаржыландыру үшін Стартап-платформасы құрылып, меморандум жасалды.

Оқытушылар мен білім алушылардың халықаралық және ішкі академиялық ұтқырлығы дамыды. Университет бойынша студенттер және магистранттар Германия, Польша, Испания, Италия, Ресей, Латвия, Чехия, Түркия елдеріндегі оқу орындарында білімін жетілдірді. 2013-2017 жылдар ішінде студенттерге шет тілінде дәріс оқу үшін АҚШ, Канада, Чехия, Болгария, Латвия, Ресей, Словакия, Украина, Белоруссия, Түркия, Қытай, тағы басқа мемлекеттерден 58 оқытушы-ғалым шақырылды.

ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 11

ЖАРТЫ ҒАСЫРЛЫҚ ЖОЛ

Оқу орны алғаш 1972 жылы ашылғанда Талдықорған педагогикалық институты ретінде 255 студент қабылдап, физика, математика, орыс тілі және әдебиеті, қазақ мектептерінде орыс тілі мен әдебиетін оқыту мамандарын даярлаған. 5 кафедрада 25 оқытушы болса оның 11 ғылым кандидаты еді.

1977 жылы оқу орнына ақын І.Жансүгіров есімі берілді. Осы жылдан бастап университетте жаңа факультеттер ашылды: «Музыкалық педагогика» (1977), «Мектепке дейінгі тәрбиелеу» (1980), «Дене шынықтыру» (1986).

Сонымен қатар, «Жалпы техникалық пәндер», «Педагогика және алғашқы оқыту әдістемесі» кафедралары құрылып, «Инженерлік педагогика» және «Бастапқы оқытудың әдістемесі» факультеттері ашылды.

Осы жылдары институт қабырғасында «Қуыршақ» театры, «Россияночка» вокальды ансамблі, «Назигум» ұйғыр ансамблі, «Жетісу» халықтық ансамблі және орыс халық аспаптар оркестрі құрылды. І.Жансүгіровтың әдеби-мемориалды мұражайы ашылып, мұрағат қорлары жинақталды.

1989 жылы жалпы көлемі 2062 мың ш.м. құрайтын 200 мың кітап, үш оқу залы бар типтік кітапхананың құрылысы аяқталды.

1994 жылы ҚР Министрлер кабинетінің №584 қаулысына сәйкес І.Жансүгіров атындағы мемлекеттік университеті болып қайта құрылды.

1998-2001 жылдар аралығында университеттің материалдық базасы нығайды. Оқу ғимараты,

стадион салынды. Мемлекеттік стандарт негізінде оқу жоспарлары жасалып, 17 жаңа мамандық ашылды. Мамандандырылған тестілеу орталығы құрылды.

Ал 1999 жылы 21 сәуірінен бастап ҚР Үкіметінің №441 қаулысы бойынша І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті болып аталды. Бірқатар мамандықтар бойынша аспирантура ашылды. 2001-2008 жылдар аралығында университет ұжымы оқу үрдісін жетілдірді. Белсенді оқыту әдістері мен жаңа технологиялар кеңінен пайдаланылды. Рейтингтік-тестік білім бағалау жүйесін енгізді.

2000 жылдары Корей Республикасы Сэнжуй қаласы, Британ Кеңесімен, Корей Республикасының ағарту орталығымен қарым-қатынас нығайтып, Ресей және Түркияның алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен ғылыми, оқу-әдістемелік байланыс аясы кеңіді. Оқу орны 2008 жылы 18 қыркүйекте университеттердің Ұлы Хартиясына мүшелікке қабылданды.

Физика, математика және биология бойынша виртуалды зертханалар кешені ашылды, сондай-ақ автоматтандырылған «КАБИС» кітапхана-ақпараттық жүйесі іске қосылды.

Университеттің жылдан жылға жаңарып, материалдық-техникалық базасының нығайтып, ғылыми әлеуетінің артуына университетті әр жылдары басқарған – Лениншіл Рүстемов, Мырзатай Жолдасбеков, Валерий Салагаев, Жомарт Жапаров, Аманжол Қасабеков, Төлеген Қожамқұлов, Есенгелді Медеуов, Әбдіманап Бектұрғанов сынды іскер де білімді азаматтар ықпал етті.

2008-2016 жылдар аралығында білім ордасы көпсалалы университет ретінде қалыптасып, білім берудің үш сатылы (бакалавриат, магистратура, докторантура) жүйесіне толық көшті. 2011 жылы Қазақстанның ЖОО Ассоциациясының, Еуразиялық университеттер Ассоциациясының мүшелігіне, 2012 жылы Еуразиялық университеттер Ассоциациясының жеке ассоциациялық мүшесі, 2015 жылы университеттің БҰҰ «Академиялық ықпал» мүшелігіне өтті.

2010-2011 оқу жылында Германиядағы халықаралық мамандандырылған ACQUIN-аккредиттік агенттігі арқылы білім

қазандағы Қаулысына сәйкес еліміздегі университеттердің басқару үлгісі өзгерді. Осы қаулыға сәйкес Жетісу мемлекеттік университеті «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ болып қайта құрылды. Университетке берілген академиялық еркіндік оның нарық заманына бейімделуіне, әділ бәсекеге түсуіне жол ашты. Соның дәлелі болар көпсалалы университеттердің ұлттық рейтингінде білім ордасы 2022 жылы 4-орынды иеленді. Университетте даярланатын мамандардың 57%-ы педагогикалық. 2021-22 оқу жылында жұмыс берушілердің сұранысы бойынша ауылшаруашылық экологиясы мамандығы ашылды. Сондай-ақ, ақпараттық жүйелер архитектурасы, ақпараттық ресурстарды басқару, экономикалық кибернетика, арнайы педагогика, магистратура бойынша стратегиялық менеджмент мамандықтары ашылды.

Қазір оқу орнындағы 6 жоғары мектеп бакалавриатта 53, магистратурада 54, докторантурада (phd) 10 бағдарлама бойынша маман даярлайды.

Университеттің профессорлық құрамында 22 ғылым докторы, 20 PhD, 102 ғылым кандидаты бар. 5216 білімгердің 1300-ден астамы гранттық негізде оқиды. 36 оқу лабораториясы, 60 шетелдік серіктес, көптілде білім беретін 39 топ бар.

Биыл Жетісу университетінің ашылғанына 50 жыл! Өлкедегі ең ірі оқу орны өзінің жарты ғасырлық тарихында тек осы аймақты ғана маманмен қамтып қоймай, республика аумағына түлектерін жіберді.

ЖЕТИСУ ТАРИХЫНДА ӨЗ ОРНЫ БАР ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТИСУ УНИВЕРСИТЕТІ ЖАРТЫ ҒАСЫР УАҚЫТ ІШІНДЕ ӨЛКЕДЕГІ БЕДЕЛІ БИІК, БАҒДАРЫ АЙҚЫН, КЕЛЕШЕГІ КЕМЕЛ БІЛІМ ОРДАСЫНА АЙНАЛДЫ.

Білім мен ғылымның қара шаңырағы алғаш құрылған кезден бастап күні бүгінге дейін, басынан сан алуан тарихты өткізіп, биік бөлесті бағындырды. Қарқынды дамып, сатылай көтерілді.

50 жыл уақыт ішінде талай жарқын күндер, ғибратқа толы тарихи сәттер өтті.

Университет

тарихының қоймасы

1977 жылы институт қабырғасында Илияс Жансүгіровтың музейін ашу туралы бастама көтерілді. Мұражай меңгерушісі Алтын Бахрединова студенттер, оқытушылардың күшімен ақынның өмірі және шығармашылығына байланысты естеліктер, хаттар, мәліметтер, экспонаттар мен жәдігерлер жинады. Мұражайдың қалыптасуына Илияс Жансүгіровтың қызы, медицина ғылымдарының кандидаты Үміт Жансүгірова көп көмек көрсетті.

Қазақ КСР ғылым академиясы ақынның өмірбаяны мен шығармашылығы жайлы жан-жақты жазылған 10 дана кітап пен түрлі 16 сурет жіберді. Ізінше «Жазушы» баспасының поэзия бөлімі мұражай қорына И.Жансүгіров туралы 7 кітап сыйлады.

Белгілі ақын-жазушылар, қоғам қайраткерлері, Ә.Нұршайықов, Ғ.Орманов, М.Қаратаев, Қ.Жұмағалиев, Ә.Тәжібаев, Илияс



Олардың қатарында ақынның жазу столы, жеке пайдаланған мүліктері, кілем, құндыз бөрік, қолжазбалары, кітаптары, портреті, мәрмәр тастан соғылған бюсті бар.

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті мұражайының бірінші дәлізі ақынға арналған.

Онда келушілер ақынның өмірі, шығармашылығы, «Жансүгіров оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары және «Илияс әлемі» атты республикалық студенттер фестивалінің жұмысымен таныса алады.

Асыл сөзден алтын сарай соғып қалдырған жетісулық дүлдүл ақын – Илияс мұрасын дәріптеп, зерттеуде университет мұражайының үлесі зор.

каталогтар мен картотека, докторанттар мен магистранттарға арналған және мерзімді басылымдар залы.

Оқу залында кітапханаға келушілерге арналған көрме бар. Онда Илияс Жансүгіров пен Ғали Ормановтың таңдаулы еңбектері қойылған.

Кітапхана университеттің білім беру бағдарламаларына сәйкес келетін кітап қорын және заманауи электрондық ресурстарды, оқу процесіне қажетті оқу құралдарды, ғылыми әдебиет және ақпараттармен толық қамтамасыз етілген. Жыл сайын кітапхана қоры жаңа оқулықтармен толығып отырады.

Кітапхана «Smart ZhetySU» сандық платформасына біріктірілген кітапханалық-ақпараттық бағдарламамен жұмыс істейді. Кітапхана картотекасын университеттің ортақ желісіне қосылған компьютер арқылы онлайн көруге болады.



БЕДЕЛІ БИІК, БАҒДАРЫ



Жансүгіровтың шығармаларын алғаш орыс тіліне аударған Д. Снегин, тағы басқалары көптеген құнды кітаптар, жәдігерлер, хаттар тарту етті. Сондай-ақ кезінде ақынның В.Рожественский мен, Б.Майлинмен жазысқан хаттарының 50 баспа табақтық көшірмесі Орталық мұрағаттан алынды.

Ақын өмірінің деректі ескерткішіндей болған әдеби-мемориалды мұражай сән түзеп, үлкен тарихтың тереңде жатқан тамырын тапқандай мұрағат қорларымен осылай толықты.

1979 жылы 25 мамырда мұражайдың ашылуына орай салтанатты жиын өтті. Бұл институт тарихында есте қалған айтулы күндердің бірі болды.

1983 жылы жоғары оқу орындары арасында өткен мұражайлардың республикалық байқауында «И.Жансүгіровтың әдеби-мемориалдық мұражайы» – үздік мұражай болып танылды.

1984 жылы ақынның 90 жылдық мерейтойына байланысты Талдықорған қаласында үлкен мұражай ашылатын болды. Институт мұражайындағы жәдігерлер облыстық мұражай үйіне сыйға тартылып, институт тарихына байланысты жаңа мазмұндағы мұражай жабдықтала бастады.

Осы уақытқа дейін мұражай қорына 673 экспонат жиналса, соның 600-ге жуығы түпнұсқа жәдігерлер.

Рухани құндылықтар мекені

Ғали Орманов атындағы кітапхана – университеттің білім мен ғылымына, тарихи-мәдени өміріне өлшеусіз үлес қосып жүрген руханият ордасы. Кітапхана 1973 жылы құрылған. Алғаш Октябрь көшесіндегі бір қабатты ғимаратта орналасқан кітапхана қорында 5263 дана кітап болды. Ал қазір кітапхана қоры 565 000 кітаптан асады. Кітап қорын қалыптастыруда Мәскеу, Қазан университеттері, Рязань, Целиноград педагогикалық институттарының кітапханалары елеулі көмек көрсетті.

Дүниежүзілік әдебиет кітапханасының жазылу басылымдарының 200 томын кітапхана меңгерушісі Л.М.Курганская тарту еткен. Олар қазір кітапхананың сирек кітаптар қорында сақтаулы.

1989 жылы универсиет кітапханасы оқу орнының бас ғимаратының қасындағы екі қабатты жаңа ғимаратқа көшті. Бұл – білім ордасының рухани өміріндегі маңызды шаралардың бірі еді.

Білімгерлер жатпай-тұрмай ізденетін қазына мекеніне 2004 жылы ақын аудармашы Ғали Ормановтың есімі берілді.

Кітапханада 3 зал бар: бас оқу залы,

ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕР

Құқық және экономика жоғары мектебі 2017 жылы Заң және қаржы-экономика факультеті біріктіріліп, Құқық және экономика факультеті болып атала бастады. Жоғары мектепте 14 профессор, 4 PhD, 9 ғылым кандидаты бар. Бакалавриат: Экономика, мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент, ақпарат ресурстарын басқару, есеп және аудит, мемлекеттік аудит, қаржы, бағалау, маркетинг, құқықтану, туризм, қонақ үй-мейрамхана бизнесі. Магистратура: Экономика, экономикалық кибернетика, мемлекеттік және жергілікті басқару, менеджмент, іскерлік өкімшілік, стратегиялық менеджмент, есеп және аудит, мемлекеттік аудит, қаржы құқықтану. Докторантура: Экономика, мемлекеттік аудит, қаржы, құқықтану.

Жаратылыстану жоғары мектебі – оқу орнындағы ең байырғы жоғары мектеп. Ең алғаш 1973 жылы Физика-математика факультеті болып құрылған. Жоғары мектепте 13 профессор, 3 PhD, 16 ғылым кандидаты бар. Бакалавриат: Математика, математика-информатика, информатика, химия, химия-биология, биология, география, география-тарих. Магистратура: Математика, физика, білім берудегі ақт менеджмент, биология, география. Докторантура: Математика, биология.

Техникалық ғылымдар жоғары мектебі 2012 жылы «Биология», «Химия», «Экология», «География», «Стандарттау, сертификаттау және метрология», «Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» және «Кәсіптік оқыту» мамандықтары негізінде кәсіби маман даярлау мақсатымен құрылған. Жоғары мектепте 1 профессор, 1 PhD, 14 ғылым кандидаты бар. Бакалавриат: Экология, ауыл шаруашылық экологиясы, информатика, ақпараттық жүйелер, ақпараттық жүйелердің архитектурасы, стандарттау және сертификаттау, агрономия, қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі. Магистратура: Экология.

Педагогика және психология жоғары мектебінің негізі Талдықорған педагогикалық институты ашылғанда қаланған. 1973 жылы Педагогика және психология кафедрасы ретінде ресми аталды. Жоғары мектепте 4 профессор, 5 PhD, 14 ғылым кандидаты дәріс береді. Бакалавриат: Педагогика және психология, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, дефектология, арнайы педагогика. Магистратура: Педагогика және психология, мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі, дефектология, арнайы педагогика. Докторантура: Педагогика және психология, бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі.

Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебі оқу орнындағы ең көне факультет – филология факультетінің негізінде құрылған. Жоғары мектепте 13 профессор, 3 PhD, 31 ғылым кандидаты бар.

Тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті, шетел тілі: екі шетел тілі, аударма ісі, филология, журналистика және ақпарат бакалавриат бағдарламалары бойынша білім береді. Магистратура: Тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті. Докторантура: Қазақ тілі мен әдебиеті.

Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің негізі 1988 жылы Дене мәдениеті факультеті ретінде қаланған. Жоғары мектепте 4 профессор, 2 PhD, 12 ғылым кандидаты дәріс береді.

Бастапқы әскери дайындық, дене шынықтыру және спорт, кәсіптік оқыту, музыкалық білім, бейнелеу өнері және сызу, көркем еңбек, графика және жобалау, дизайн, сәндік өнер бакалавриат бағдарламалары бойынша білім береді. Магистратура: Дене шынықтыру және спорт, музыкалық білім, кәсіптік оқыту.

Әскери кафедра

Білім қуып, ғылым жолында жүрсө де әрбір ер-азамат әскери саланы білуі міндет. Бұл әр қазақстандықтың Отан алдындағы борышы. Өйткені, ел егемендігінің тірегі – оның әскери күштері.

Осы орайда ҚР Үкіметінің қаулысы бойынша Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Әскери кафедрасы құрылды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің 2016 жылғы 4 шілдедегі бұйрығымен әскери кафедраның басшысы болып полковник Жанғожаев Ерлан Кемелұлы тағайындалды.

Жетісу университеті жанындағы Әскери кафедраның негізгі міндеттері:

Қазақстан Республикасының резервін жасақтау және жұмылдыру мақсатында

«Аумақтық қорғанысты жоспарлау және ұйымдастыру», «Жалпы әскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану», «Құрлық әскерінде байланысты ұйымдастыру», «Әскерилер қызметін ұйымдастыру және қауіпсіздік пен құқық тәртібін қамтамасыз ету бөлімшелерін қолдану», «Пулеметшілер», «Орташа қуатты қысқа толқындық радиостансалар».

Әскери кафедраға қабылдау Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі бекітетін қабылдау жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Кафедра майданында шыңдалған студенттер бүгінде қоғамның түрлі саласында еңбек етіп, еліміздің дамуына үлес қосуда. Тіпті өмірін осы әскери саламен байланыстырған түлектер де аз емес.



Телестудия

Жетісу университетінің телестудиясы 2017 жылы ашылған. Телестудия түрлі жанрдағы теле-радиобағдарламалар жасау үшін қажетті барлық техникалық құралдармен жабдықталған. Журналистика факультетінің студенттері кез келген уақытта телестудияға келіп сұхбат құрып, телебағдарлама дайындау барысында түрлі стендап түсіре алады.

бүгінде сол мұратқа толық қол жеткізіп, талай зейінді жастың талабына серпін берді.

Білім ордасындағы заманауи бассейн

Былтыр Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде заманауи бассейн ашылды.

Арнайы спорт нысанының салынуы студенттер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға оң ықпал етті.

Мұнда жүзудің барлық түрі бойынша шұғылдануға болады.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін де жағдай жасалған.

Студенттер мен қызметкерлер белгіленген кесте бойынша бассейнге еркін кіре алады.

Жабық бассейннің жалпы ауданы 1677,7 шаршы метрді құрайды. Бассейн тостағанының мөлшері 25 және 11 метр.

АЙҚЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлау.

Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында студенттермен бірлескен ғылыми зерттеулер ұйымдастыру және жүргізу, студенттерді әскери патриоттық жұмысқа тарту.

Әскери кафедрада ату дайындығы, жаппай қырып-жоятын қаруды қорғау, саптық дайындық бойынша оқу-материалдық база бар.

Запастағы офицерлерді даярлау тегін және ақылы негізде жүзеге асырылады.

Әскери кафедрада оқыту дайындықтың жеке түрі ретінде жоспарланады. Толық курс, теориялық, практикалық оқытудан және оқу жиынынан тұрады.

2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін әскери кафедра Қазақстан Республикасы Қарулы күштері үшін екі әскери-есептік мамандық бойынша мамандар даярлаған болатын. Олар: «Тәрбие және идеологиялық жұмыс» және «Байланыс әскерлерін басқаруды автоматтандыруды ұйымдастыру».

Қазіргі таңда әскери даярлық запастағы офицерлердің және сержанттардың жеті әскери-есептік мамандығы бойынша оқытады.

Олар: «Құрлық әскерінде тәрбиелеу және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру»,



Стартап Академиясы

Қазіргі таңда жастар студент кезінен бастап белгілі бір кәсіппен айналысқысы келеді. Кәсіптен нәсібін тапқысы келетін жастардың талабын шыңдау мақсатында университетте «Стартап» академиясы ашылған. Мұнда жастар бизнестің алғашқы әліппесін үйреніп, өздерінің зерттеу жұмыстарын жүргізіп, нарық әлемін зерделейді. Жас ғалымдардың инновациялық әлеуетін дамытып, олардың жобасының іске асуын қаржыландыру үшін университет стартап жобаларға байқау өткізіп тұрады.

«Стартап» академиясының мақсаты жастар арасындағы кәсіпкерлікті дәріптеп, ғылымға негізделген әрі инновациялық әлеуеті зор стартап жобаларды дайындау. Университет

Университет студенттері халықаралық, республикалық және аймақтық білім, ғылым, өнер және спорт жарыстарында жүлделі орындарға ие болып, оқу орнының мерейін тасытуда.

Биыл Жетісу университетінің ашылғанына жарты ғасыр. Осынау жылдар ішінде университет – ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісі мен құштарлығын бойына сіңірген, таусылмас білім ордасына айналды.



Әр ұлттың өзіндік болмысы, салты, дәстүрі, ерекшелігі болады. Қазақ саясатында да қалың бұқара мен биліктің арасындағы көпір қызметін атқарушы ақсақалдар кеңесі болған. Бұл – қоғамдық-әлеуметтік мәні зор саяси институт еді. Ел ішіндегі сан алуан мәселелерді талқылап, ұсыныс айтатын халықтық басқарудың бейресми түрі. Ру ақсақалдары мен билер кеңесінің бүгінгі «мұрагері». Ықылым заманнан келе жатқан демократиялық-құқықтық қағида – азаматтық жүйеге айналды. Ол жұрттың әл-ауқатының жақсаруына, мәдениеті мен санасының өсіп-өркендеуіне қызмет етеді. Мемлекеттік құрылымдар өз функци-



ясын, азаматтық қоғам өз қызметін атқарып, бірін-бірі толықтырып отыруы қажет. Осындай форманың бірі – ардагерлер кеңесі. Жалпы, мемлекет басқару ісінде тәжірибесі мол мамандар пайдалы болатыны даусыз. Әсіресе, елді рухани тұрғыдан басқаруға немесе әдептілік, ауызбіршілік қалыптастыруда ақсақалдардың рөлі ерекше. Қарты бар ел – қазыналы дегендей, бүгінде І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде Ардагерлер Кеңесі жұмыс істейді. Кеңес өзінің құзыреттілігіне сай жоғары оқу орны әкімшілігі және кәсіподақ ұйымымен бірлесе отырып, зейнеткерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз етеді. Одан бөлек еңбегі мен құқығын қорғайды. Сонымен қатар оқу ордасы түрлі мекемелерде аға буынның жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін насихаттауына ат салысады. Университетшілік ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізу, жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу, жалпы моральдық және психологиялық оңды ахуал қалыптастыру – осы ұйымның міндетіне кіреді. Оқытушы-профессорлар құрамының магистранттарға сапалы білім беру ісіне мүмкіндігінше көмектесіп, ғылыми практикалық конференцияларға белсене араласуы керек. Әрі бұқаралық ақпарат құралдарымен үнемі тығыз байланыста болуы шарт.

Елу жылда ел жаңа. Жаңа ғасыр технологияларын игеру ардагерлер үшін ізденушілік пен табандылықты қажет ететін үлкен де нәтижелі іс. Олар қиындыққа мойымай, заман ағымына ілесіп келеді. Қалыспау – артта қалып қоядан қорқу емес, мұны болашаққа бағдар, қолдау деп қабылдау қажет. Жалпы, ардагер – құрметті де қадірлі адам деген мәнді білдіретін этикалық ұғым. Ал ардагерлер кеңесі – белгілі бір ұжымда ұзақ жыл еңбек етіп, бүгінде зейнеткерліктегі өмірден көргені мен түйгені көп, аузы дуалы, сөзі уәлі үлкендердің ерікті түрде бірігуінен пайда болған қоғамдық ұйым. Ерекше істерімен, ақыл-парасатымен, адамгершілік асыл қасиетімен, беделімен жалпы жұртшылыққа танылғанда ғана адам Ардагер бола алады. Міне осындай алтын діңгек, тау тұлғаларымызбен таныс болайық.

Даналық дариясы

Ардагерлер Кеңесінің мүшелері:



Өтеген Ізтілеуұлы – ардагерлер кеңесінің төрағасы, химия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

«Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері қауымдастығына 10 жыл», «Атырау мұнай және газ институтына 25 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Халық аарту ісінің үздігі» және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған.

Ғылыми зерттеулері Батыс Қазақстан мұнайының физика-химиялық қасиеттерін зерттеуге бағытталған. Мұнай химиясы бойынша 3 республикалық, 2 бүкілресми конференцияға қатысқан. 120-дан астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалары бар.

Берібекова Фарзана – ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

1978 жылы Қазақстан Білім Министрлігінің Құрмет грамотасы, 1988 жылы «Еңбек ардагері», 1995 жылы «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», 2019 жылы «Парасатты педагог» төсбелгісі, 2020 жылы «Ы. Алтынсарин» төсбелгісі, 2021 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалі, 2021 жылы Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Елеулі еңбегі үшін» медалімен марапатталған. 182 ғылыми еңбегі бар, оның ішінде 1 монография, 1 оқулық, 14 оқу құралдары бар. 5 диссертацияға ғылыми кеңесші болған. Ф.Берібекованың жетекшілігімен 10 магистрлік диссертация қорғалған.



Аманжол Қамалұлы – ардагерлер алқасының бас кеңесшісі, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

Университеттегі табысты жұмысы үшін – Білім және ғылым министрлігінің «Педагогикалық еңбек ардагері» және Ы. Алтынсарин атындағы төсбелгімен, Жетісу университетінің «Ерен еңбегі» төсбелгісімен марапатталған, сонымен қатар университеттің «Құрмет кітабына» еніп отыр. 2004 жылы «Тіршілік мәселелері» монографиясы жарық көрді. Ұстаздық қызметінде 70-тен астам ғылыми мақалалары жарияланды.

Сабырқұл Мақашқызы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

2000 жылы «Қазақстан республикасы білім беру ісінің үздігі» төс белгісі, 2012 жылы «Қазақстан республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төс белгісі, 2014 жылы ҚазМемҚызПУ-нің дамуына қосқан үлесі үшін «Құрмет белгісі» медалі, 2016 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» мерекелік медалі, 2017 жылы «Жоғары оқу орының үздік оқытушысы» конкурсының жеңімпазы медалімен марапатталған. 2017 жылы білім беру, ғылым және тәрбие ісінің дамуына, білікті мамандар дайындауға қосқан үлесі үшін І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Құрмет кітабына» енді. 2019 жылы Білім мен ғылым саласына қосқан айырықша еңбегі үшін «Қазақстанның құрметті профессоры» төс белгісімен 2021 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Сонымен қатар, шетелдік, республикалық ғылыми журналдарда және халықаралық, республикалық конференциялардың материалдарында жарияланған 150 астам ғылыми мақаланың және 25 оқу құралының авторы.

Жұматай Таубалдиева – ардагерлер кеңесінің музыкалық жетекшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.



Білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен, 2017 жылы «Білім шыңы» төсбелгісімен, «Ұлағатты ұстаз» төсбелгісімен, «Ыбырай Алтынсарин» медалімен, Куәлік білім беру мен ғылымдағы жоғары жетістіктері көп жылдық жемісті еңбегі, кәсіби шеберлігі «Ерен еңбегі үшін» медалімен, «Белсенді қоғамдық қызметі үшін» төсбелгісімен, «Тәуелсіз Қазақстанның үздік ұстазы» орденімен, ҚР Білім және ғылым саласының дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы педагогтарының «Алтын төсбелгісімен», «ҚР тәуелсіздігіне 30 жыл» төсбелгісімен марапатталды.

Барлығы 270 жарияланым бар, соның ішінде 28 оқулық (23 оқулық авторлық, 5 оқулық авторлық бірлестікте, 1 монография, 1 Томсон Реутерс, 2 ресей ғалымының еңбегін аударған. 4 авторлық патент электрондық оқулық, 3 СКОПУС мақала). Профессор Ж. Таубалдиеваның жетекшілігімен магистрлік 17 диссертация қорғалған.



Университет ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор, академик Баймырзаев Қуат Маратұлы «Ардагерлер – алтын діңгегіміз» деген халық даналығын басшылыққа алып, білім мен ғылым саласына қомақты үлес қосып жүрген Кеңес жұмысына көңіл бөліп, ризашылығын білдірді. Білім шаңырағындағы қоғамдық, оқу-тәрбие жұмыстарына араласып, білімгер, магистрант, докторанттардың болашағына жол сілтеп, жан ұрпақтың бойына ұлттық болмыс, өнер-ғылым, адамгершілік сынды қасиеттерді сіңіріп, ардагерлермен өмірлік тәжірибені бөлісіп, үнемі ақыл-кеңес беруден жалыққан емес.

Әр жыл сайын қариялар күнін атап өту, «Айналайын» балалар үйіне қамқорлық, Текелі қаласындағы қарттар үйіне көмек, Наурыз мейрамы, Жаңа жыл көштері, жаңа нысандардың ашылу салтанаттарына да қатысып, көмегін аямайды. Осы университеттегі алғашқы қадамды сіздермен бастағалы отырымын деп жылы лебізін де білдірген. Нұғысова Айтжамал, Қасабеков Аманжол, Намазбаев Қанатбек секілді ардагер ұстаздардың кабинетін ашуы да алып тұлғаларға деген үлкен құрметі. Ұйым өз жұмыс жоспарының негізгі бағыттарын анықтап, игі істер атқарып жатыр. Күн тәртібіне сәйкес тәрбие

сағаттары, жиналыс, дөңгелек үстел, конференция, пікір-сайыс және түрлі тақырыптарда кездесу өткізіледі.

Ардагерлер арасында жыл сайын баскетбол, шахмат, дойбы сынды спорттық жарыстар ұйымдастырылып тұрады. Жыл бойы салауатты өмір салтын ұстанған жандар үшін университетіміздің бассейні, спорт және би залы тегін. Сонымен қатар жазғы, қысқы демалыс уақытында «Жаркент-Арасан» сауықтыру орнына, «Құлагер», «Ақши» демалыс аймағына жолдама беріледі. Бұл да үлкен қуаныш.

Бетті дайындаған Алтынай МАХИМОВА.

Сайлау Қажыбекұлы өзіңіз қызмет ететін Жетісу университетіне биыл 50 жыл толып отыр. Жарты ғасырлық тарихы бар білім ордасындағы еңбек жолыңызды қай жылдан бастадыңыз?

1986 жылы Семей мемлекеттік педагогикалық институтын бітіріп, жолдамамен Талдықорған облысы Қаратал ауданы Жамбыл атындағы орта мектепке мұғалім болып келдім. Студент кезімде отбасын құрғандықтан жұбайым және Меруерт деген бір кішкентайымыз болды.

Мектепте ұстаздық етіп жүріп, 1989 жылы алдымен аудандық, кейін облыстық «Жыл мұғалімі» конкурсына қатысып, жүлдегер атандым. 1990 жылы Қазақ ССР-і Халық ағарту министрі Шайсұлтан Шаяхметовтың Алғыс хатын алдым. Жастығым ба әлде аз-маз жетістіктерімің желігі ме жетелеген, 1991 жылы Талдықорған педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы ашылып, (бұған дейін орыс сыныптарына арналған қазақ тілі пәнінің мұғалімі мамандығы болған) сол жерге оқытушылыққа мұғалімдер керек екен дегенді естіп мен де бағымды сынамаққа бел будым.

Жазғы демалыс уақыты болатын. Кафедра алдына келіп, ішке кіруге жүрексіңдім де, сәл тұрып кері қайттым. Сыртқы есіктен шығып бара жатып «шешінген судан тайынбас, не де болса, сөйлесіп көрейін, тоңымды шешіп ала қоймас», - деп қайта кірдім. Сол кездегі кафедра меңгерушісі Күлтай Әбілқасымқызы жылы қарсы алды. Жарты сағаттай сұхбаттасқан соң, «Иә, бізге болашақта ғылыммен айналысатын жас азаматтар керек-ақ, мектептегі жұмысыңыздан шығып келіңіз» - деді.

Институт ректоры Жомарт Жапарұлы өтінішіміңің шекесіне «Талдықорған педагогикалық институтына жұмысқа ауыстырылсын» - деп жазып, қол қойып берді. Сөйтіп бір жұмыстан екінші жұмысқа бірден ауысып келдім. Қаратал аудандық оқу бөлімінің бастығы Төлеген Шәріпбаев мені оқу жылының басында Қоржынкөл ауылындағы мектепке директорлыққа тағайындамақ екен. «Сені курсқа жібердік, директор болып баруың керек» - деп жібергісі келмеді. Десе де, «ғылым жолын таңдаған екенсің, жолың болсын», - деп батасын беріп, шығарып салды.

Міне сол жылдың қыркүйегінен бастап бүгінгі күнге дейін І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарып жатқан жайым бар. Осы жылдар аралығында аға оқытушылықтан бастап, деканның тәрбие

бақиядан өткіздік. Оқулық - хрестоматиямызды Алматыға «Мектеп» баспасына алып барғанымызда: «Сонда Жетісу әдебиеті бір бөлек, Сыр, Арқа, Батыстың әдебиеті бір бөлек бола ма?», - деп күлген, сын пікір айтқандар да болды. «Отан от басынан басталады», «Туған жерге туыңды тік» деген уәжімізге құлақ аспады. Бірақ араға жылдар салып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында осы мәселенің өзектілігі қайта көтерілді. «Жетісу әдебиеті» жинағының негізін қалушымын деп мақтанышпен айта аламын.

Мен жұмысқа орналасқан уақыт 1991-97-ші жылдардағы нарықтық экономикаға көшіп жатқан аласапыран кезеңімен тұспа-тұс

Сайлау ҚОЖАҒҰЛОВ,
филологиялық білім беру бағдарламасының оқытушы-дәріскері, ф.ғ.к.



астам қызмет етіп келеді екенсіз. Аз уақыт емес. Университет тарихында өз қолтаңбаңызды қалдырдыңыз. Бұрынғы студент пен қазіргі студенттің, немесе білім жүіесінің арасында айырмашылық бар ма?

Иә, қазіргі құндылықтар бұрынғыдан бөлектеу болғанымен кешегі мен бүгінгі студенттер арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ. Десе де, сол жылдары ректорымыз Ж.Жапарұлы өнерлі балаларға көп кеңіл бөлуші еді.

Қай кезең болмасын балалардың оқуға деген ынтасы мен ерік-жігері сабақ берген ұстаздың білімі мен біліктілігіне, шеберлігіне де байланысты.

Ал қазіргі оқытып жатқан студенттеріме дән ризамын. Өйткені, талпынысы жоғары, ізденгіш «жазайыншы», «қатысайыншы» «көрейінші» - деп жүретін бастамашыл студенттер қазір де көп. Жалынды жастар қай

БҮГІНГІ СТУДЕНТТЕРІМЕ ДЕ ДӘН РИЗАМЫН

келгендіктен бе, өте қиын болды. Жұмысқа орналасқаным жарты жыл өтпей жатып деканымыз Мұса Қазымұлы «менің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарым бол», - деп қолқа салды. Жатақханада не жарық, не су жоқ болып қалатын кездер жиі кездесетін. Студенттер жатақханаға тұрудан қашатын. Ректорымыз Жомарт Жапарұлы «Сен жассың ғой, отбасыңды көшіріп өкел де, осы жатақханада тұр, студенттерге бас-көз бол», - деп сенім артқандықтан 3 жыл студенттер жатақханасында тұрып еңбек еттім.

2000 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Диссертациялық кеңесінде «Әсет Найманбайұлының мұрасы (жанрлық, поэтикалық, текстологиялық мәселелері)» деген тақырыпта кандидаттық диссертациямды қорғадым.

Сіздің Абайтанушы екеніңізді жақсы білеміз, осы әдебиеттану саласына қалай

білім алдым. М.Әуезовтің шәкірті, рухани ізбасары «Абайтанушы», «Шәкәрімтанушы» Қайым Мұхаметқанов сол кезеңдерде де Алаш арыстарының ақиқатын ашық айтатын, зиялы ұстаз еді. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Шәкәрім жайлы алғаш сол кісіден естідік. Менің «Ақтамберді жырау мұрасы» тақырыбында жазған дипломдық жұмысыма жетекшілік жасап, жоғары баға беріп, болашағымға сәттілік тілеп еді. Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің немересі Қуандық Фазылұлының, кең пейілді деканымыз профессор Арап Еспенбетовтың, кафедра меңгерушісі, талабы да, талғамы да қатал профессор Қ. Шаяхметовтың алдында зор қарыздармын. Ұстаздарым - өскен ауылымнан бастау алған білім нәрін жоғары оқу орнында жалғастыруда болашағымға бағдар жасап, жол көрсетті.

1993 жылдан студенттерге «Абайтану» таңдау курсы, 2000 жылдан бері об-

білім алдым. М.Әуезовтің шәкірті, рухани ізбасары «Абайтанушы», «Шәкәрімтанушы» Қайым Мұхаметқанов сол кезеңдерде де Алаш арыстарының ақиқатын ашық айтатын, зиялы ұстаз еді. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Шәкәрім жайлы алғаш сол кісіден естідік. Менің «Ақтамберді жырау мұрасы» тақырыбында жазған дипломдық жұмысыма жетекшілік жасап, жоғары баға беріп, болашағымға сәттілік тілеп еді. Сондай-ақ, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің немересі Қуандық Фазылұлының, кең пейілді деканымыз профессор Арап Еспенбетовтың, кафедра меңгерушісі, талабы да, талғамы да қатал профессор Қ. Шаяхметовтың алдында зор қарыздармын. Ұстаздарым - өскен ауылымнан бастау алған білім нәрін жоғары оқу орнында жалғастыруда болашағымға бағдар жасап, жол көрсетті.

Ғылым жолында жүрген немесе қандай да бір жетістікке жеткен есімдерің мақтанышпен айтатын шәкірттеріңіз бар ма?

Шәкірт көп, мыңдап саналады. Бірді екеуін айтар болсам, қаламыздағы Б.Жолбарысұлы атындағы №18 мектеп-лицейінің директоры Шалқар Құдайбергенов, Алакөл ауданы әкімінің орынбасары көп жылдары мектеп директоры болған, аудандық оқу бөлімін басқарған Мәулен Төлеужанов, Мәдениет және спорт министрлігінде жауапты қызметте істейтін Жасұлан Алпыспаев тәрізді шәкірттеріміңің есімдерін ерекше атағым келеді. Шалқар мен Мәулен менің жетекшілігіммен дипломдық жұмыстарым қорғады. Шалқардың тақырыбы: «Жыраулар поэзиясындағы хандар бейнесі» болса, Мәуленге «Жыраулық поэзиядағы отарлық саясат көрінісі» деген тақырып ұсындым. Екеуі де ол кезде зерттелмеген, айтылмаған тақырып болды. Мәуленнің жұмысы республикадан 2 орын алып келді. Бірақ шәкірттерім ғылым жолында қалмады. Десе де, ел мүддесі, халық үшін қызмет етіп жүрген азаматтар. Бүгінде халқымызға танымал, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының басшысы, филология ғылымдарының кандидаты Анар Фазылжан, Бердібек Соқпақбаев прозасы бойынша кандидаттық диссертация қорғаған, Астанадағы Назарбаев университетінде профессор Адаева Ермек деген ғалым қыздарымыз бар. Әріптесім Раушан Омарқызы - бәрі бір топта оқыды. Мен 1991-95 жылдары сол топтың кураторы болғандықтан ба оларға деген сүйіспеншілігім бөлек. Бүгінде университетімізде еңбек етіп жүрген шәкірттерім ғылым кандидаттары - Гүлнар Сырлыбаева, Айгүл Фалиева, Әсем Тұрысбекова, PhD-философия докторлары - Айна Рахимова, Гүлім Шүкенай, докторанттар - Мадина Тұмабаева, Ерқанат Совет, Ерік Саржігітовтерді де мақтанышпен айта аламын.

Университеттің 50 жылдық мерейтойына өзіңіздің тілегіңізді білдірсеңіз?

Жетісу төріндегі «Жетісу университетінің» құрылғанына жарты ғасыр өтіпті. «Елу жылда ел жаңа». Ең бастысы, университеттегі білім беру мазмұнының уақыт талабына сай дамуы мен мемлекетіміздің болашағына қызмет етуінде. Жастарға ұлттық ұстанымымызға лайық білім беріп, рухани құндылықты қастер тұтатын, интеллекісі жоғары, көшбасшылық қабілеті, отаншылдық рухы биік жас мамандар тәрбиелейік!

Құрметті әріптестер, мерейлі мерекеміз, ортақ қуанышымыз, қол жеткізген табысымыз құтты болсын!

Уақыт бөліп әңгімелескеніңізге рақмет, мақтан тұтатын шәкірттеріңіз лайым көп болсын!

Сұхбаттасқан Айгерім ИЕБЕКОВА.



ісі, оқу ісі жөніндегі орынбасары, декан м.а., кафедра меңгерушісі қызметтерін атқардым. 2016 жылдан қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында қауымдастырылған профессор міндетін атқарып келемін. 70-тен астам ғылыми мақала, 2 оқу құралы, 3 монография, 2 дәрістер жинағы мен «Туған өлке» бағдарламасын жасап, оқулық - хрестоматиясын жазды. Онда өзіміздің жетісулық Қабан жырау, Балпық би, Ескелді әулие, Шиырбай шешен, Қожбабет билерден классик жазушыларымыз Ә.Әлімжанов, әңгіме жарының шебері – С. Мұратбеков, ақындарымыз Ж.Бұхарбай, Ж.Жақыпбаев, Ә.Дәуренбековке дейін түгел дерлік қамтылған.

Сол бағдарламаны сынақтан өткізуде қаламыздағы М.Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясында оқытып, апро-

келдіңіз?

Біздің өскен жеріміз – Абайдың ауылы. Абай біздің ауылда 6 жыл болыс болған. Құндызды, Шет, Қарауыл деген «Абай жолы» эпопеясында суреттелетін жерлердің көбі, Абайды соққыға жыққан Көшбике жайлауы – біздің туып-өскен жеріміз. Бала кезден Абай туралы, Шәкәрім жайлы үлкен кісілерден көп естіп өстік. Ол кезде Шәкәрімнің атын айтуға тыйым салынғанымен оларға қатысты үлкендердің әңгімелеріне құлағымыз түрік жүрді. Мәселен, екі кісі Шәкәрім туралы айтып отырса, үшінші бір бөтен адам кірсе әңгімелерін тоқтата қоятын еді. Десе де, ауылда Абайдың да, Шәкәрімнің де өлеңдерін жатқа айтатын адамдар болды. Халық ақыны Шәкір Әбенәт де жас кезімізден естіп, көріп өстік. Семейде институтта оқығанда ұлағатты ұстаздардан

лыс мектептері ұстаздарына «Абайтану» авторлық бағдарламасын жасап, біліктілікті арттыру курсы жүргізіп келемін.

2020 жылы ҚР Ғылым және білім министрлігінің ұйымдастыруымен С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде өткен Республикалық «Абай мұрасын жаңаша оқыту» байқауында 2-орын, Алматы облыстық Дін басқармасы ұйымдастырған Абайдың дінге көзқарасы тақырыбына жазылған үздік ғылыми-публицистикалық мақалалар байқауында бас жүлде алдым. Абай мұрасын оқытудағы жетістіктеріміз үшін «Қазақстанның құрметті профессоры», жастарға білім берудегі еңбегі үшін «Ерен еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталдым.

Осы кафедра ашылғалы 30 жылдан



ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ, МҰҚТАЖҒА ДЕМЕУ, ҰРПАҚҚА БІЛІМ

**ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, БЕЛГІЛІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ,
БЕЛСЕНДІ ФИЛАНТРОП, СЕНАТ ДЕПУТАТЫ АМАНГЕЛДІ ТӨЛЕМИСОВ
ЖАЙЫНДА**

заңгерлер одағының мүшесі, Алматы облысы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі өңірлік сараптамалық комиссияның мүшесі болды.

Сондай-ақ, Талдықорған аймағы бойынша «Қарекет» республикалық қайырымдылық қорының басшысы, «Айналайын» балалар үйінің Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын Мұхтар Арын атындағы №24 «Экономика және бизнес» лицейінің ата-аналар комитетінің төрағасы, Алматы облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, Ұлттық Құрылтай мүшесі, Жетісу облысы Қоғамдық кеңесіне мүше болды.

Осы тізбектелген мысалдардан-ақ қоғам өміріне бейжай қарамайтын белсенді азаматтың жарқын үлгісін көруге болады.

Қайырымдылық адамның бойындағы ең жағымды қасиеттердің бірі. Қазақта «қайырымдылық жасасаң қайырын өзің көресің», – деген сөз бар. Жаны жайсаң, жүрегі жомарт, мейірімді жандар ғана ел тірегі болмақ. Ондай адам үшін рухани құндылықтар материалдық құндылықтардан әрқазыра жоғары тұрады.

Амангелді Ғабдылқарымұлы қайырымдылық атты қастерлі ұғымды өмірлік ұстанымы етіп, мұқтаж жандарға қол ұшын созып, жақсылық жасауды өмірінің мәніне айналдыра білген азамат.

«Бітер істің басында жақсы жүрер қасында» демекші, ел мүддесі жолындағы игі істердің

Талдықорған қаласындағы экостарда жұмыс істеген полиция қызметкерлерін, медицина қызметкерлерін, мұқтаж отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз етіп, қолдау көрсетті.

«Қаралы қаңтар» оқиғасында да қол қусырып қарап отыра алмады. Қауіпсіздік бекеттерінде қызмет еткен полиция қызметкерлері мен әскери қызметшілерді азық-түлікпен



Оқытушылық – мамандық болса, ұстаздық адам бойындағы ұлы қасиет. Өйткені ұстаз – адам бағдарын жасаушы.

Өзіңдегі ілім мен білімді, өзгенің бойына дарыта алатын, шығармашылық, табандылық, төзімділік пен сенімділік сияқты мінез-құлықпен ерекшеленетін адам ғана ұстаз болмақ.

«Маған әкімшілік, ұйымдастырушылық жұмыстардан көп ұсыныстар келіп түсті. Бірақ, мен ұстаздық мамандықты жүрегіммен қалаймын. Университетте декандық қызметте жүрсем де аудиторияға кіріп студенттермен жұмыс істегенде жүрек тынышталып, рақат табымын. Болашақта балаларымның да ұстаз болғанын қалар едім» – дейді Амангелді Төлемісов өзінің бірнеше жыл бұрын берген сұқбатында.

Ұстаздық – ұлы мамандық. «Ұстаздық» атты Ұлы шыңға көтерілу үшін адам баласы өмір бойы оқып, ізденуі керек. Амангелді Төлемісов әрдайым шығармашылық ізденістерімен қатар қоғамдық өмірдің де өзекті мәселелеріне белсене аралсып, бел шеше кірісе білді. Ол өзінің біліктілігі мен кәсіби деңгейін арттыру жолында жалықпай ізденіп, әрқазыра өзін-өзі дамытып, үнемі алға



жылжып отыратын жаңашыл маман болды.

Ол салауатты өмір салтын ұстанған спортшы. Педагогикалық, ғылыми-әдістемелік және ұйымдастырушылық-басқарушылық міндеттерді қатар атқарған білікті оқытушы. 60-тан астам ғылыми еңбектің авторы.

Біз азат күннің алтын қазығы қазба байлығы емес, адами капитал, азаматтық қоғам қалыптастыру екенін айтып жүрміз. Ол үшін әр адам қоғамда белсенді болуы шарт дейміз. Елімізде қоғамдық өмірге белсене араласып, өз еркімен халыққа пайдасын тигізуді көздейтін еріктілер қатары жыл санап артуда. Десе де, сүрлеу-соқпағы көп ғылым жолында жүріп, ел игілігі үшін қалтықсыз қызмет атқару – зор жауапкершілікті, асқан еңбекқорлықты талап етеді.

Амангелді Ғабдылқарымұлын көпшілік облыстың қоғамдық өмірінде белгілі қызметтер атқарған белсенді тұлға ретінде жақсы таниды.

Ол әр жылдары Талдықорған №7 сайлау учаскесі төрағасының орынбасары, Алматы облысы грек-рим, еркін және әйелдер күресі федерациясының төрағасы, Қазақстан

ұйытқысы болды. Қайырымдылық шаралары кезінде көпке үлгі көрсетіп, түйткілді мәселелердің түйінін шеше білді.

Сөзіміз құрғақ болмас үшін бірер мысал келтірер болсақ, Амангелді Ғабдылқарымұлы басшылық еткен «Қарекет» қайырымдылық қоры Талдықорған аймағы бойынша 38 мұқтаж отбасыға баслана кілтін табыстады. Мойнақ ауылының №23 орта мектебімен бірлесіп көп балалы отбасының үй тұрғызуда құрылыс жұмысына атсалысты. Қаламыздағы «Айналайын» балалар үйімен жеті жыл бойы қоян-қолтық жұмыс жасап, ондағы жанары жасық, жүрегі жүдеу бүлдіршіндерді мерекелерімен құттықтап, қуаныш сыйлауды дәстүрге айналдырды. Олардың туған күндеріне жылы лебізін арнап, түрлі сыйлықтар тарту етті. Балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін жыл сайын Алғыс айту күніне арналған «Шын жүректен» қайырымдылық концертін ұйымдастырды. Коронавирус пандемиясы кезінде

қамтамасыз етуге ықпал етті.

Профессорско-преподавательский состав и ученые университета, члены научного коллектива, в качестве научных консультантов часто приглашаются для реализации исследовательских проектов сторонних организаций. Среди них есть такие ученые, как Г. Тулешова, З. Канаева, Д. Нургабыл, А. А. Абдухаирова, А. Тынысханова.


В соответствии с договором, заключенным между МСХ и МОН РК в 2020 году, по программам НИОКР под научным руководством к.б.н. А. Бахтауловой на базе РГУ НПП «Тарбагатай» на 2019-2023 годы был запланирован проект на тему «Оценка современного состояния для сохранения яблони Сиверса на территории ГНПП «Тарбагатай» Уржарского района Восточно-Казахстанской области.

По итогам конкурсов «Jas Galym-2021» и «Jas Galym-2022» на грантовое финансирование проектов по коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности молодых ученых в Жетысуском университете им. И. Жансугурова идет реализация 15 проектов по направлениям: информационные технологии (IT); устойчивое развитие агропромышленного комплекса и безопасность сельскохозяйственной продукции; рациональное использование водных ресурсов, растительного и животного мира; экология; туризм на общую сумму 17 млн тенге.



Экструдер для вторичной переработки пластика

Прорыв в технологии производства изделий из полимеров грозит обернуться настоящей экологической катастрофой. Несмотря на преимущества пластмасс, у них есть один минус: полимерные материалы, синтезированные на основе углеводородов, не являются биоразлагаемыми. Так, полиэтилен может сохраняться в почве более 100 лет, а срок распада модифицированных полимеров можно оценить лишь теоретически.



Главные и неоспоримые достоинства переработки нити из пластика:


- Ощутимое уменьшение затрат, которые выделяются на расходные материалы для печати в 3D формате;
- Нить теперь может производиться из любого доступного или желаемого вида пластика;
- Вы можете в процессе изготовления смешивать разные виды пластика, и тогда в результате получите уникальный по своим характеристикам filament;
- А при экспериментах с сочетанием пластика различных цветов и оттенков вы получите свой особый цветовой набор, для создания уникальных отпечатанных материалов;

● Возможность повторной переработки неудачного результата принтера позволит не выбрасывать в мусор деньги на его покупку, а вторично использовать с той же целью, уже после переработки.

Авторы: Ж. Ахметов, Д. Кабдуалиев, А. Кулынтаева.

Робот Scavenger – для сбора пластиковых бутылок

Каждую секунду в мире производят 20 тысяч пластиковых бутылок. Известно, что примерно 95% всех пластмассовых изделий выходят из употребления после очень короткого срока эксплуатации. При этом судьба, например, пластиковой упаковки такова: 40% попадает на свалку, 14% сжигается, что весьма неблагоприятно для окружающей среды, еще 14% попадет на переработку, а оставшиеся 32% оказываются выброшенными. Таким образом, существует острая необходимость создания системы для сборки мусора в туристических и придорожных зонах.




Авторы: Д.Жаканов, А.Ибраимов, С.Серикбаев.

В 2021 году 5 преподавателей вуза по проекту «500 ученых», реализуемый в рамках международной стипендии «Болашақ» имели возможность пройти стажировку в ведущих вузах:

- Б. Оксикбаев, Г. Сеитова – Университет Хаджеттепе;
- Ж. Есенбек – Нью-Йоркская Академия Киноискусства;
- А. Бедельбаева – Омский государственный технический университет;
- Д. Калдияров – Вашингтонский университет.

Преподаватели университета Р. Тасбулатова, А. Алдабергенова, М. Джакыпбекова и Д. Бекежанов получили нагрудный знак от Министра образования и науки Республики Казахстан Асхата Аймагамбетова за победу в республиканском


Мобильное приложение «ZhEDUniver»



В мобильном приложении включены 15 модулей, необходимых для учебного процесса студента: электронный журнал; расписание экзаменов; заявления; ONLINE тестирование; аттестационная комиссия; видеолекции и электронные учебники; анкетирование; стипендии/гранты переводы; как обезопасить себя; справочник путеводитель; медицинские данные; вопросы/ответы; массовые открытия, онлайн курсы; информация для обучающихся с применением ДОТ; электронная библиотека.

С помощью модулей, указанных ниже, студенты могут получить необходимую справку или оставить запрос по возникшему вопросу, касающимся учебного процесса.

Авторы: Ш.Асылбекова, Д.Батырбеков, Е.Жанболатович, Б.Сериков, А.Сулейменов.



Платформа онлайн-обучения для учителей «Цифровые образовательные ресурсы»

На данный момент стоит необходимость развития у учителей цифровых навыков для эффективного использования интерактивных технологий в учебном процессе, так как не все учителя имеют возможность освоить и внедрить онлайн ресурсы самостоятельно.

Разработанная образовательная платформа, содержащая онлайн-курс по внедрению цифровых технологий в учебный процесс, дает возможность повышению готовности учителей к реализации современных моделей образовательного процесса путем создания интерактивного контента занятий, применения разных платформ для геймификации обучающего процесса, также учителя смогут самостоятельно создавать викторины и задания, используя образовательные сервисы для проверки знаний, и проявлять творческий подход для разработки собственного онлайн курса.

Авторы: А. Есеевна, А. Мейрамбекович, А. Батырбаева.

конкурсе «Лучший преподаватель вуза-2021». Каждый победитель получил приз в размере 2000 МРП (6 млн тенге).

В 2021 году впервые в истории университета доктор философии (PhD) Карашолакова Л.Н. стала обладателем государственной научной стипендии для талантливых молодых ученых.

В 2022 году в целях развития науки в стенах университета был реорганизован «Научно-исследовательский институт биотехнологии и экологии». В состав института входят: «Лаборатория экологии»; «Лаборатория биотехнологии»; «Лаборатория молекулярной генетики и геномики». Цель деятельности научно-исследовательского института биотехнологии и экологии – проведение прикладных

исследований по совершенствованию методов и технологий организации всех уровней образования. Для дальнейшего развития научного потенциала университета планируется строительство специализированного лабораторного комплекса, оснащенного современным оборудованием.

В этом году 50 лет со дня открытия Жетысуского университета! За свою полувековую историю университет не только охватил этот регион, но и внес вклад в развитие науки Казахстана. В Казахстане есть реальные условия для создания высокотехнологичного производства, основанного на науке. Можно с уверенностью сказать, что в ближайшее время страна сможет предложить свою инновационную продукцию на мировой рынок.

ГИС «Aura Delivery» по городу Талдыкорган

Единая площадка, на которой рестораны и магазины выкладывают свои продукты, а клиенты делают заказ на дом через курьеров и получают доступ ко всем заведениям города. Благодаря разработанной геоинформационной системе доставка быстрая и качественная.

Авторы: А.Оразбаева, Е.Бакытбаев, А.Робертович.

Жатақхана – жастардың басынасы,

**Бұл да бір жаңа өмірдің бастамасы,
Бүгін де өз тамағын өзі жейді**

**Кешегі анасының жас баласы –
деп студенттер жырға қосқандай,
жатақхана – қызық пен шыжыққа
толы студенттік өмірдің бал
шағы өтетін, жастық шақтың
аяулы мекені. Тәлім мен тәрбиенің,
ұйымылдың алтын бесігі.**

**Қазіргі таңда жатақханалардағы
орын тапшылығы мәселесі барлық
оңірлер үшін өзекті. Өйткені, ар-
ман мен білім қуып қалаға келген
студенттің алғашқы қиындығы –
тұрақты баспана табу.**

**Осыдан екі жыл бұрын Жетісу
университетінде салтанатымен көз
қуантқан 288 орындық студенттер
үйі бой көтеріп, жастардың игілігіне
берілген еді.**

**Жаңа үлгіде салынған жатақханада
компьютерлік кабинет, кітапхана,
асхана және кинотеатр бар.**



ЖАТАҚХАНА – жаңа өмірдің бастамасы

**Салауат Асентай,
Жаратылыстану жоғары мектебінің студенті:**
Қай кезде болмасын студент үшін жатақхана мәселесі бірінші кезекте.

Алайда Жетісу университетінің студенттері үшін бұл мәселе оң шешімін тапқан. Жатақханада әлеуметтік-тұрмыстық жағдайдың бәрі жасалған. Біз тұратын студенттер үйінде кітапхана, кинозалдарды айтпағанда, ұсақ-түйек тұрмыстық заттарға дейін бар. Сондықтан, біз бақыттымыз деп айтуға толық негіз бар. Ештеңеге алаңдамай оқуға күш салып, барынша білім алуымыз керек.

**Қазақбаева Аялым,
ШТҚ-312 топ студенті:**
Меніңше жатақханада тұру - өміріңнің ең бір қызықты шақтарын басыңнан кешіру.

Қазір баспана мәселесі белең алып тұрған кезде мұндай барлық жағдайы жасалған, заманауи жатақханада алаңсыз тұрып жатқан біз бақытты студентпіз.

Он үш қабатты зәулім жатақханамызда кітапхана, студенттік клуб, кафе, компьютерлік бөлмелер, шағын кинотеатр бар.

Жатақхана – біздің екінші үйіміз. Студент болған соң, жатақханада тұрып, жатақхана өмірімен таныс болған дұрыс. Жатақханада тұрған жастарда күнделікті өмір сүру тәртібі қалыптасады.

**Назым Нұрбекова,
3 курс студенті:**

Мен 3 жыл қатарынан Жетісу университетінің жатақханасында тұрып келемін. Өзім облыс орталығынан шалғай орналасқан Жаңалық деген ауылданмын. 1-2 курс оқығанда №2 оқу корпусы жанындағы Студенттер үйінде тұрдым. 5 қабатты жатақхана таза, жылы, жарық болды. Тұрмысқа қажетті заттардың бәрі бар. Биыл 3 курсқа көшкен соң Қаратал бойындағы жаңа жатақханаға ауыстым. Мұнда тіптен керемет. Қонақүйде тұрып жатқандай әсер аласың. Бәрі жап-жаңа. Студенттер үйінің ауласы да әдемі безендірілген. Таза ауа да серуендеп, достарыңмен өңгіме-дүкен құрып отыратын шатырлы орындықтар, гүлзарлар талғаммен жасалған. Әрине, бізде өз кезегімізде жатақханадағы дүние мүлікке ұқыпты қараймыз. Себебі бізден кейін де осында тұратын болашақ студенттер бар. Алаңсыз білім алуға жағдай жасап жатқан аға-апаларымызға алғысым шексіз.



Бетті дайындаған Айгерім ҚОЖЫТАЙҚЫЗЫ.



Алғашқы түлектер

1972 жылы ашылған білім ордасы бірінші күнен бастап өлкеміздің қоғамдық, мәдени өміріне ерекше үлес қосып келеді. Негізгі мақсаты – ғылыми жетістіктерді кеңінен пайдаланатын, жаңа технологияларды, қарым-қатынас өнерін терең меңгерген, ұлттық мәдени және тарихи дәстүрлерін бағалай білетін мамандарды даярлау.

Университетте білікті оқытушы-профессорлық құрам, білімді жастар жиналған. Қоғамның қозғаушы күші. Сол себепті оларға рухани тәрбие беру – басты мақсат.

«Ақпаратқа кім ие болса, әлемді сол билейді», – деген қанатты сөз бар. Бүгінде технология қарыштап дамыған қоғамда өмір сүреміз. Айналамыздағы құрылғылар, қондырғылар жылдам өзгеріп, ауысып жатыр. Онымен бірге тұрмыс та. Ғаламтордың ақпаратты тарату жолдары да түрліше. Уатс ап, скайп, уикипедия немесе басқа да бағдарламалар бөріне қолжетімді.

Президентінің жарлығымен білім және ғылым министрлігі екі министрлікке бөлінді. Ғылымға баса назар аударылып, жеткілікті деңгейде қаржы бөлініп жатыр. Көптеген ғылыми конкурстар өткізілмек. Барлық мәселе енді ғалымдардың өз әлеуетін қалай және қай деңгейде пайдалана алатынында.

Жетісу университеті жарты ғасырлық тарихы бар бірден-бір жоғары оқу орны. Барлық маңызды салаларға білікті маман даярлаумен айналысып отыр. 50 жыл бұрын Талдықорған педагогикалық институтында екі факультет ашылған еді. Оның бірі физика-математика факультеті болатын.

Тарихқа жүгінсек, факультеттің алғашқы деканы болып педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Жүнісов Ермекбай Жүнісұлы қызмет атқарды. Алғашқыда екі кафедра жұмыс істеген. Оның бірі «Математика» кафедрасы, меңгерушісі – Қасабеков Серікбай Ихсанұлы. Кафедраның алғашқы ұстаздары: Ермекбай Жүнісұлы, Каден Балапанұлы Бобаев, Приходько Галина Ивановна, Гросс Эльвира Эдуардовна.

1974 жылы математика кафедрасына Найзабаев Қыдырғали, 1975 жылы Нысамбаев Жеңіпалды институттың шақыртуымен жұмысқа келді.

«Физика» кафедрасына 1973-1976 жылдары Алматыдағы ҚазМУ-ден физика-математика ғылымдарының кандидаты Сақыбаев Разақ пен Ленинградтан аспирантура бітіріп, кандидаттық диссертация қорғаған Ағулықов Айдар, Томск университетінің түлегі Крамер Петр, Талдықорғандағы мектеп-интернаттың

50 жылға – ел жаңа

тәжірибелі мұғалімі Серғазин Тілеубек, Алматыдан Абай атындағы КазПИ-дің аспирантурасын бітіріп Пошанова Дүйсегүл Пошанқызы, Намазбаев Қанабек Таубекұлы, Новосибирск университетінің түлегі Гельверт Андрей, кейін Бүркітбаев Ж.И., Ермеков Н.Т., Нұғысова А.Н келіп қосылды. Сонымен қатар ҚазМУ-ден Тұрмағанбетова К.В., Кигай А.К., Ли Л.Б., Шакенов М.Б., Досаева Т.Т., Омаров Ж.А., Аманжолова Н.И жұмысқа кірді. Бұл жылдары факультет жетекшілігінің негізгі мақсаттарының бірі кафедралар құрамын білікті де білімді мамандармен толықтыру болды.

Кейінірек физика-математика факультетін Ж.Ж.Жапаров, Б.Қ.Дамитов, С.Ы.Қасабеков, В.П.Иконников, Ш.А.Наубетова, Е.Ш.Адугалимов, К.Б.Бобаев, А.Ж.Рахимбеков, Ф.Т.Қыдырбаева, Е.С.Андасбаев, Н.Ж.Жанатбековалар басқарды. Әр жылдары факультет белгілі бір мәселені көтеріп, сол мәселеге баса көңіл аударып отырды.

Мысалы, 1978-1979 жылдары оқу, оқу-әдістемелік мәселелерге, ал 1979-1980 жылдары факультет кафедраларын, зертханаларды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету т.с.с мәселелер қойылды. Осы аралықта біртіндеп механика, молекулалық физика, электромагнетизм, оптика және атомдық физика, астрономия зертханалары, физиканы оқыту әдістемесі, оқытудың техникалық құрал-жабдықтары кабинеттері құрылды. Бұл зертханалардың материалдық-техникалық жабдығы – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Қарағанды мемлекеттік университеті сияқты орталық оқу орындарынан көмек ретінде келді.

2001-2008 жылдары факультеттің оқытушылар ұжымы кредиттік технология бойынша оқытуды эксперимент жүзінде жүргізді. Осындай эксперименттің нәтижесінде ҚР-ның көптеген ЖОО студенттерді кредиттік технология бойынша оқыту әдістемесіне көшті.

2008 жылдың қыркүйек айынан бастап

факультет атауы: «Физика-математика», «Математика және жаратылыстану», «Жаратылыстану» факультеті болып бірнеше рет өзгерді. Қазіргі уақытта «Жаратылыстану Жоғары мектебі» деп аталады. Жоғары мектеп: физика, математика, информатика, химия және биология, география бойынша мамандар дайындайды.

2008-2017 жылдар аралығында университет тарихында бірінші болып факультет белсенді білімгерлері Д.Шишков, Есжанова Сымбат, Медерова Мадинаның бастамасымен университетте «Жетісу университеті» газетіне қосымша студенттердің «Білімгер» газеті шығарылды. 2010 жылы факультетінің 4 бакалавриат бойынша БББ (математика, физика, информатика, ақпараттық жүйелер), 2 магистратура бойынша БББ (математика, информатика) педагогикалық мамандықтар арасында елімізде ең алғашқы болып ACQUIN Халықаралық аккредиттеу агенттігінен

жоғары. Ф.ғ.д. Нұрғабил Д.Н., п.ғ.д. Сейтова С.М., Смағұлов Е.Ж., г.ғ.д. Баймырзаев Қ.М., Керімбаев Н.Н, физика-математика ғылымдарының кандидаттары Қалжанова Г.К., Слямжанова С.С., п.ғ.к. Қожашева Г.О., Тасболатова Р.Б., Жиенбаев Ж.Т., Жанатбекова Н.Ж., Қыдырбаева Ф.Т., ауыл-шаруашылық ғылымдарының кандидаттары Бахтаулова А.С., Маусымбаева А.М., б.ғ.к. Өксікбаев Б., г.ғ.к. Тоқпанов Е.А., х.ғ.к. Сыдықбаева С., PhD Тойбазаров Д.Б., Гаврилова Е.Г. білімгерлерді білім мен ғылымға жетелеп жүр.

Факультет білімгерлер командасы 2009-2011, 2015, 2018 жылдардағы қалалық «Брейн-ринг» интеллектуалды ойындарының жеңімпаздары. Талай уақыт олар университеттегі «өзін-өзі басқару» апталық акциясының көшбасшысы болып саналды.

«Ж а с ы л е л» ж а с т а р е ң б е к ж а с а қ ш ы л а р ы н ы ң ұ й ы м д а с т ы р ы у ы м е н ө т к е н



Білім және ғылым министрі Б.Жұмаәуловтың университетке келуі, 2011 ж.

аккредиттелінді, яғни бұл мамандықтар халықаралық аккредиттеу талаптарына сәйкес екендіктерін көрсетті.

Бұл жұмысқа дайындық кезінде оқу-зертханалық база жаңартылды, материалдық-техникалық базаның ақпараттық тіркеулері өзгертілді. Осылайша, БББ-ның мақсаты анықталынып, арнаулы аудиториялар, ECTS модулі бойынша курс құрылымын бөлу концепциясы, ресурстар саралануына, аккредиттеуге жататын БББ-ы жетілдірілді.

Қазіргі кезде жаратылыстану жоғары мектебінің барлық мамандықтары бойынша магистратура ашылған.

Жоғары мектепте 10 оқу, 1 ғылыми зертхана, 4 оқу кабинеті, 3 компьютер класы заман талабына сай керекті құралдармен жабдықталған.

Оқытушылардың кәсіби құзіреттілігі де өте

«Таза болса табиғат, аман болар адамзат» атты экологиялық сенбілікте және басқа да іс-шараларда факультет еріктілері әрқашан басқаларға үлгі.

Оқытушылар мен қызметшілер арасындағы «Спартакиадада» факультет ұжымы жүлделі орынды алып жүр.

Бұл 50 жыл бұрын ашылған бір ғана факультеттің жұмысы. Осындай үлкен беделді ұжымдардан үздік университеттер құрылады. Үздік университет ол – интеллектуал моральды құқығы жоғары, кәсіби шебер, компетентті, талантты оқытушы-профессорлық құрамы, өмірге, өзгерістерге құлшынған жастары бар университет.

Ерлан АНДАСБАЕВ,

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті т.ғ.д., қауымдастырылған профессор (доцент).

БАЛАЛЫҒЫМНЫҢ КУӘСІ

Мен ес білгелі әкем қаламыздағы ең керемет жоғары оқу орнында жұмыс атқаратын. Музыка пәнінің мұғалімі еді. Қандай да бір мейрам, университеттің ұйымдастыруымен өтетін іс-шара болсын, кішкентай қара қызын ертіп үнемі ортасында жүретін. Түрлі мерекелік концерттерде әрдайым қасынан табылатынмын. Алғаш рет киелі сахнаға шығуым да осы университет қабырғасында болды.

1984 жылдың жазында арман қуып оқуға келген алакәлдік бозбала мен жаркенттік бойжеткен Талдықорған қаласының педагогикалық институтына оқуға түседі. Сол жылдың қоңыр күзінде екі жас университет қабырғасында танысып, табысады.

1984 жылы әке-шешемнен басталған «оқиға» әлі де жалғасын табуда. «Әдемі хикая» барысында дүниеге келген кішкентай қара қыздың тағдыры Жетісу университетімен байланысты.

2011 жылы мектеп бітірген сыныптастарым қиялдарына қанат бітіріп, Алматы, Астана, шет ел жоғары оқу орындарын іздетіріп жатқанда мен өзімнің Жетісу мемлекеттік университетіне түсетініме сенімді болдым. Себебі, – университет менің бала кезден өскен ортам, екінші үйімдей еді.

Мұғалім болу мақсатымен «Шетел тілдері: екі шет тілі» мамандығын таңдадым. 2015 жылы бакалавр дәрежесін алып, оқуымды жалғастыра түскім келді. 2017 жылы магистрлік жұмысымды сәтті қорғап шықтым.

Шет елге жарты жылға оқуға жібергені үшін университетіме қарыздармын. Ата-анам, достарым көрмеген Еуропаны көрдім. Латвия мемлекетінің астанасы Рига қаласында білім алып келдік. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша алғашқы болып шет мемлекетке шыққан білімгер болдым. Бар жағдайымды жасаған ата-анам және университетіме алғысым шексіз.

Қашан да білімгерлерінің білімі мен тілегін алға қоятын, қызметкерлерінің барша жағдайын жасауға тырысатын менің университетім бүгінгі күні мемлекетіміздің үздік жоғары оқу орындары ішінде 4-ші орында тұрғаны көңіліме мақтанш сезімін ұялатады.

Білім ордасының түлектері тек Қазақстан

емес, Еуропа, АҚШ, Канада тағы басқа шет мемлекеттерінде біздің дипломмен жұмыс істей алады. Тағы бір қуантатын жайт, шет ел оқу орындарымен тығыз байланыс орнатылған. Жақында Цюрих университетінің антропологиялық және мәдениетаралық зерттеу орталығы ашылды. Мен үшін дара білім ордасы - Жетісу университеті. Университет түлектері Айдын Айымбетов бастаған таныма тұлғалардай болғым келеді. Алдағы уақытта университет менімен де мақтанады деп үміттенемін.

Бүгінгі күні Шетел тілдері және аударма ісі білім беру бағдарламаларының оқытушысымын. Мен білім алып, қанат қаққан алтын ұямда шәкірт дайындаудамын. Бұл мен үшін үлкен бақыт!

Айдана СЕРІКБОЛҚЫЗЫ,
шетел тілдері және аударма ісі БББ,
магистрант, оқытушы ассистенті.

УНИВЕРСИТЕТТІМ – ӨМІР МЕКТЕБІМ

Мектеп бітірген соң жаңа өмір басталды. Ол да бір балдәурен балалық шақ екен. Дегенмен, студенттік кездерім де қызық оқиғаларға толы.

Мен оқуымды аяқтауға таядым. Соңғы курс. Адам өміріндегі ең тамаша жылдарды сөзбен жеткізу өте қиын, оны тек бастан кешіру керек. Өкінішке қарай короновируска байланысты 1 курстың екі семестрі мен 2 курс толықтай онлайн форматта өтті. Аллаға шүкір, 3 курстан бастап дәстүрлі оқу түріне көштік. Қуанышымызда шек жоқ. Бір жарым жыл жырақта жүріп, өбден сағынысқан соң, группаластарымызбен әрқашан көңіл көтеруге, достық кештерді ұйымдастыруға, жиі табиғатқа шығуға тырыстық.

Оқу ордам, ақ ордам



Алғашқы көңіл-күйім әлі есімде. Айналаның бәрі ерекше, ал ғимараттар үлкен болып көрінді. Тансық дүниелерден қорқыныш бойымды жаулап алды. Қалай болғанда да, бүгін мен Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде оқып жүргенім үшін қуаныштымын. Себебі, осы оқу орнына келгені, бірталай армандарым орындалды. Мысалы, университеттің үздік студенті атандым. Бұл менің басты жетістігім деп есептеймін. Бір орында тұрып қалмай, одан әрі талпынуыма шабыт сыйлайды.

Бағымды сынап көрейін деп Алматыдағы «Мен жастарға сенемін» атты студенттер арасындағы республикалық форумға қатыстым. Университеттің атын жақсы жағынан шығару – мен үшін үлкен мәртебе. Бұл бастамасы ғана.

Бұрын тек теледидардан өнерлерін тамашалап жүрген танымал адамдармен осы университетте жүріп таныстым. Солардың бірі – керемет дуэт Мирас пен Құралай және «Тақиялы періштенің» басты кейіпкері, марқұм Әлімғазы Сұмағұлұлы. Олар бастарынан кешкен оқиғаларымен бөлісіп, қандай қиыншылық болса да, ешқашан берілмеу керек екендігін үйретті. Бұл да мен үшін үлкен мотивация болды.

Оқу ордамызда білімді оқытушылар көп. Өз білімгерлері үшін университет басшылығы қолынан келгеннің бәрін жасап жатыр. Мысалы, ЖУ ҚР үздік көпсалалы ЖОО арасында 4 орынға БББ ұлттық рейтингісіндегі нәтижелері бойынша университет 18 жүлделі орынға ие болды. Біз үшін бұл – мақтаныш.

Студенттік жылдарым менің жүрегімде өмір бойы сақталатынына кәміл сенемін. Ұстаздарыма алғысым шексіз. Егер өмір маған тағы бір мәрте білімгер болу мүмкіндігін берсе, ойланбастан келісер едім.

Гүлім КҮНСАҒЫМОВА,
ҚҚ-411.

Алға қойған мақсат айқындалған шақта, еңбек жолымда кілт өзгеріс болды. Бұл өзгеріс мені сол кезде ТКПИ аталатын облыстағы жалғыз жоғары оқу орнынан бір-ақ шығарды.

1990 жылы институтта «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша мұғалімдер даярлайтын бөлім ашылып, Қазақ филологиясы кафедрасына аға оқытушы болып қабылдандым. Жаңа ортаға бейімделу өте ауыр. «Тоқпағы мықты болса, киіз қазық жерге кірердің» кебін киюге тура келді. Менің осал жерім – патриотизм. «Осы бөлім 18 жыл дегенде ашылғанда, оның қалыптасып, дамуына өз үлесіңізді қоспайсыз ба, өңір мектептеріне пән мұғалімдерін даярлауға сіз сияқты жастар атсалыспаса, кім қол ұшын бермек?! Ойланyp, оң жауап беріңіз... Тек қана оң жауап!» Институт басшыларының сөзі осы сырнда болды. Бұлтаруға жол қалмады. Себебі мен тіл-әдебиет маманымын. Осылай, мен университеттің, университет менің «өмірімде» пайда болды. Содан бері сынаптай сырғып 32 жыл өтіпті...

Институт университет дәрежесін алған жылдары Қазақ филологиясы кафедрасының атауы бірнеше рет өзгерді, тек қызметі мен міндеті емес. Ол «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті және тарих», «Қазақ тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі» пән мұғалімдерінің «Филология» бойынша филологтарды, «Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ бойынша ғылым магистрлерін, философия докторларын даярлап келеді.

Шәкірттеріміздің жеткен жетістігі біз үшін үлкен мақтаныш, еңбегіміздің жемісі деп білеміз. Рахимова Айна университетіміздің Басқарма Бастығы – ректордың кеңесшісі, ал Шүкенай Гүлім кафедрасында, Садуақасова Саида – Мемлекеттік басқару академиясы Ақтөбе облысы бойынша филиалының директоры. Осында қызмет етіп, жас ұрпақ бойына рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіре

білгеніме, білікті маман дайындауға өз үлесімді қосып келе жатқанымға ризамын.

Алғашқы жылдары республикалық, халықаралық конференцияларға барғанда, басқа университеттерден келген әріптестеріміз кафедраларында қызмет атқаратын тіл мен әдебиет корифейлері – ғылым докторлары, кандидаттарының атын атап, мақтан тұтқанда, өз басым қысылатын едім. Себебі кафедрадағы қиын да қызық жұмысты бар жоғы бес аға оқытушы Әбілқасымов А.Ә., Қаниахметова Б.Қ., Абжақов Т.Д., Әбенова К.Д. бастаған едік Кейін ортамыз сан мен сапа жағынан толықты.

1994-1999 жылдар өте ауыр өтті: қалада электр жарығы, газ бірде бар, бірде жоқ. Жылу болмағандықтан оқу процесін тоқтатып, тамызда жалғастырушы едік. Бірде маған кандидаттық диссертация жазу «бақыты» бұйырды. Оқу ордамыз төрт айлық біліктілікті жетілдіру курсына жіберіп, ұлттық кітапханада жұмыс істеуіме мүмкіндік берді. Алматыға діңкелеп жетіп, ғылыми жетекшіден консультация ала алмасақ, салымыз суға кететін. Түтін сасыған ескі қызыл Икаруссымызбен түнделетіп қайтып, таңертең сабағымызға үлгеретінбіз. Сондай күндердің бірінде әріптесім Роза Спанқызы қипақтап тұрып: «Мынаны алшы» – деп, қалтама қолын сүңгітіп жіберді. Ыңғайсызданып қалдым. Мән-жайды түсінген соң, әуре болмай-ақ қою керектігін айтып, рақметімді жаудырдым. Сондағы «Ең құрығанда Алматыға қиналмай, таксимен барып, келші» деген сөзі – «Мынау саған ат басындай алтын» дегенмен тең еді. Есіме алған сайын көзіме жас іркіледі. Сонда деймін-ау, ешқандай қызғаныш, көреалмаушылық деген жоқ. Керісінше, қиналып жүргенімді түсініп, ақшалай қолдап, жылы сөзімен жігерлендіргенін айтсаңшы...

Мен кафедрамнан қолдауды көп көрдім. Бірі сабақтарымды ауыстырса, бірі «Ятра» машинкасымен жазбаларымды басып береді. Ол кезде жеке ноутбук, смартфон деген жоқ.

Қолжазбаны машинкаға тергіземіз. Бірде Талдықорғаннан қазақ шрифті бар компьютер тауып, тергізіп, жұмысты дискіге жазғызып, алып-ұшып Алматыға барсам, бұл жарықтық ашылмайды ғой! Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аспиранты Ермек Адаева, АТУ оқытушысы Оспанова Раушан жүгіріп, таныстарын салып, дискіні аштық-ау!.. Қуанышымызда шек жоқ. Шәкірттеріме дән ризамын.

Тағы бірде жазбасы бар дискіден техникалық ақау шығып, жұмысты қайта теру керек болды. Қазақтілді компьютер аз, кезектегілер көп. Не істерімді білмеймін. Алматыдан үйге жыларман боп қайттым. Содан сәлем-сауқатымды алып, лобаранттар отыратын кабинетке бардым. Бәрі үрпісе маған қарап қалды. «Қыздар, қадірлеріңді енді түсіндім. Сендердің айларыңның өткені-ай!» – деп, болған оқиғаны айтып жатырмын. Бұл бөлімдегі Гүлсім, Фалия, Маржан, Аилита жұмыс арасында, түскі үзілісте, тіпті жұмыстан соң қалып та айтқаныңды екі етпей, «Диссертацияңыз ба, әкеліңіз», – деп, жұмысты тындырып беруші еді. Мұның бәрі мен үшін елеусіз нәрсе емес! Олардың «Осы кісі диссертациясын қорғасыншы» деген ақ ниеті, қолдаулары, сыйлағандары – тәрбие мен мәдениет деп білемін хәм қанша уақыт өтсе де, айта бергім келеді...

Жастық шағым өткен университет мені маған ретінде қалыптастырды. Оқытушылықтан қауымдастырылған профессор дәрежесіне дейін көтерді. Университет – үзеңгілес әріптестерім, әр жылғы шәкірттерім және солармен бірге қол жеткізген жеңістерім! Ал бірген осы оқу ордасына бүкіл саналы өмірімді арнағанымды, оның бір бөлшегіне айналғанымды сезіндім...

Қарлығаш САРБАСОВА,
Филологтарды даярлау бағдарламасының
қауымдастырылған профессоры.

ПРОМЕТЕЙ АЛАУЫНДАУ

XX ғасырдың басында жалынды жас Сұлтанмахмұт Торайғыров «Шығамын тірі болсам, адам болып» деп, адамға тән ішкі түйсіктің пернесін басады. Сол тармақтардың шумаққа ұласуы өмірлік ұстанымыңды айқындайды. Алтын ұя мектептің соңғы қоңырауы үнімен қоштасқан күннен бастап, жауапкершілік жүгін арқалаймыз.

Адам болып өмірге келіп, ата-ана сенімімен, арманның жетегімен алға қадам басқанда ойыңа нәр, бойыңа қанат бітіретін орта болады. Бұл – университет. Прометей алауындай көкірегіңе жарық сәуле құйып, парасат қалыптастыратын, сипатыңды арттырып, күзиретінді жетілдіретін орта – ұлылық мекені десек те болады. Себебі ғимараттың өзіне берілген «университет» атауымен мазмұнға ие болуы шарттылық. Ал ұлы жүректі ұстаздарымен мәртебесі өсіп, абыройы асқақтайтыны заңдылық. Аудитория есігін алғаш рет жүрексіне ашқан сәттен есу жолымыз басталады. Сол есік әр ашылған сайын құдіреті артып, құтты мекенге айналады.

Халық даналығында «білім инемен құдық қазғандай» деген түйін бар. Биікті бағындыру жолында университеттің әр аудиториясы өзіндік үлесін қосады. Менің университетім – елу жыл бойы ел игілігіне қызмет етіп, ат жалын тартып мінер ер азаматтың қанатын қатайтып, парасаты пайымды, саналы маман болып шығуына тірек болды.

XX ғасырдың жетпісінші жылдары іргетасы қаланған педагогикалық оқу орнының жарты ғасыр уақытта Жетісу университеті атанып, өзгеше кейіпке енуі, жер шарындағы алдыңғы қатарлы университеттермен терезесі теңесіп, әріптестік қарым-қатынас орнатуы ұлылық мекенінің бағындырған белесі деп білеміз.

Уақыт көші XXI ғасырға аяқ басқанда ауыл баласының І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің білімгері атануы бақыттың бастауы еді. Ата-ана үмітін ақтаған білімгердің университет табалдырығын мақтанышпен атауы, аудитория партасында ғылыми әлеуетті мығым ұстаздардан білім алуы, өмірлік достарымен жолығуы, азаматтық тұлғаға тән қасиеттерді қабылдауы білімнің қара шаңырағы болған оқу орнымен тікелей байланысты. Университет қабырғасында

өткен әр сәт талапты жастың көкірегіне нұр құятыны сөзсіз. Ұлы Абай атамыздың «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деуі осының айғағы.

Мен үшін Жетісу университетінің орны ерекше. Өткенге көз жүгіртсем, гибратқа толы тәрбиенің де, даналыққа толы пайымның да, іліммен ұштасқан білім мен ғылымның да ошағы болғанын сезінемін. Әр дәріс сайын толысып, әр практикалық сабақта шындалып өстік. Тіпті, дәл қазір академик З.Қабдолов аудитория кеңістігі мен М.Әуезов дәрісінің құдіретін паш еткендей әсерде боламыз. Себебі ілімді жетік меңгерген, ғылыми толысқан, тұжырымы нық ұстаздарымыздың әр дәрісі санамызға ұялаған. Дәл сол дәріс оқылған аудитория да ыстық. Бүгінде сол ұстаздарымызбен бетпе-бет келгенде, сол аудитория есігін ашқанда кеудені мақтаныш сезімі билейді. Шәкірттік қарыз бен ұстаздық парызы оға қатар оралады. Сол қарыз бен парызы ғылым жолының шексіздігін, тоқтап қалуға, дәрменсіздік танытуға болмайтынын сәт сайын еске салады.

Екіншіден, Жетісу Университеті білім мен ғылымның қайнар көзі ғана емес, мүмкіндік мекені дер едім. Менің тағдырымда кездескен Еуропадағы елеулі сәттер университетпен тығыз байланысты. Атап айтар болсақ, Жамбыл бабамыз жырлаған Ленинградтық ерендермен әріптес болуға, Солтүстік теңізбен шектесіп жатқан тұманды Албион, Ұлыбританиядағы Нокасл университетінде тәжірибе алмасып, шеберлігімізді шыңдауға, Испаниядағы Кадис университеті мен Түркиядағы Гази университетінен тағылымдамадан өтіп, ғылыми әлеуетімді арттыруға, тіл үйренуге мұрындық болған менің университетім. Менің басымнан өткен бұл естеліктер, талай талапты жастың өмірінде кездесті әрі кездесе береді. Әр жыл сайын университет білімгерлеріне ел аумағында, сонымен қатар шекарадан өтіп, құрлық асып білімдерін жетілдіруге мүмкіндік жасады.

Үшіншіден университет заманауи қолайлылықтар мекені. Білім жолын қуған кез келген азаматқа өз бетінше таңдау жасауға, толыққанды білім алуға жағдай жасалған. Мен

мұны университет кітапханасынан бастар едім. Ғылыми және көркем әдебиеттерге бай кітапхана қоры кез келген білімгерді баурап алады, әрі құтты мекенге айналады. Мұны әр жылдары басқару тізгінін қолға алған университет ректорлары мен бүгінгі Басқарма – Төрағасы да назарда ұстады. Артық білім кітапта екенін ескерусіз қалдырмады.

Биылғы оқу жылында университет тынысы елу жылдық мерейтойымен айшықталатыны сөзсіз. Бұл университеттің жүріп өткен жолын санада жаңғыртып, болашақты бағдарлайтын сәт деп білемін. Университет түлегі ретінде Жаңа Қазақстанның жаңаша келбетін айшықтайтын терең идеялы, озық ойлы мамандар даярлайтын, бағдары айқын университеттер қатарынан табылатынына сенімдімін.

*Жетісудың төріндегі,
Еңселі білім ордасы.
Терең ілім нәрімен,
Айшықталаан арнасы.
Ғылым дәнін ұялатқан,
Толысқан хәм қамбасы.
Даралықтың сипаты бар,
Даналықтың жалғасы.*

*Прометейдің алауындай,
Жарық нұраа бөлген.
Универім, асқақсың сен,
Заңғарсың сен не деген!
Бар сапарын сәтті еткен,
Аумайсың сен кемеден.*

*Елу жылды өңсеріп,
Қырандарын түлеткен.
Ілестің арынымен,
Тереңдікті жыр еткен.
Мақтан етіп шәкірттерің,
Көкірекке гүл өккен.
Ықыласыңды қабыл алған,
Шыққан ізгі тілекпен.*

*"Оксфордтай" ордасы бол,
"Гарвард" сынды айбынды.
Шарла, талма, жүзе бергің,
Ғылым дейтін айдынды.*

Дәулеткерей МҮЛІК,
шетел тілдері және аударма ісі БББ оқытушы-ассистенті.

Алыстан жеткен ақ тілек



Университет ұжымын 50 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын.

Тәлімді тәрбие, терең біліммен қаруланған тұлғалардың түрлі саладағы қол жеткізген әрбір жетістіктері Сіздердің қажырлы күш-жігерлеріңіздің, еселі еңбектеріңіздің нәтижесі деуге болады.

Шәкірттеріңіз биік шыңдардан көрініп, еңбектеріңіз ақтала берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, шығармашылық табыс тілеймін!

Peter FINKE,
Цюрих университетінің әлеуметтік антропология және мәдени зерттеулер департаментінің профессоры.



Жетісу университетімен тығыз серіктестік, ынтымақтастық орнатып, болашақта да жұмыс жасайтынымызға сенімім мол. Жоғары оқу орнының жоғары жетістіктері көп болсын. Білімді, білікті, тәжірибелі маман даярлау жолындағы ерен еңбектеріңіз жемісті болсын.

Жетісу университетінің 50 жылдық мерейтойы қарсаңында баршаңызға шығармашылық өрлеу, отбасыларыңызға бақ-береке тілеймін! Әрқашан абырой биігінен көрініп, игі мұраттарға жете беріңіздер. Білім мен ғылымының жарқын болашағын қалыптастыру жолындағы қажырлы еңбектеріңіз табысты болсын! Мерейтой құтты болсын!

Meltem SANCAK,
Цюрих университеті философия ғылымдарының докторы.

Бұл Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 50 жылдық тарихы мен тәжірибесі бар бәсекеге қабілетті мамандар даярлап жатқан жоғары оқу орны екен.

Бүгінде шет елдік университеттермен әріптестік байланыс орнатып отырған ЖУ өлемдік білім кеңістігінен өз орнын айқындап үлгергенін көріп отырмыз.

Жетісу университетінің барлық қызметкерлерін, профессор-оқытушылар құрамын, студенттерін осы бір маңызды мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Жоғары оқу орнының мерейі үстем, беделі биік болып, абыройларыңыз артып, жұмыстарыңыз алға бассын демекпін. Жетісу өлкесіндегі білім ошағы қанатын кеңге жайып, гүлдене берсін!

Erhan DOGAN,
Мармара университетінің профессоры, философия ғылымдарының докторы.



АҚЖАРМА



ЖУ-дың 50 жылдық мерейтойына арнау

Жарты ғасыр – біздің ЖУ болғалы, Осу, өрлеу, өнегелі жолдары. Талай түлек түлеп ұшып саяннан, Өмір атты кеңістікке самғады.

Өңірдегі жалғыз білім ордасы, Ол білімнің шаңырағы, шың басы. Ілім жолы, ғылым жолы – сара жол. Сарқыраған Жетісудың жылғасы.

Күн нұрындай шапағатын төгетін, Заманауи, талапқа сай келетін. Университет ақ ордасы білімнің, Болашаққа бағыт-бағдар беретін.

Сенде есейді, сенен шықты қанша алып, Оңды өзгеріс болып жатыр қаншалық. Ардагерлер амандықта жүрейік, Жаңғыру мен жаңалықты қарсы алып.

Бағындардың 50 жылды еңселі, Сен де өтті өмірдің бөлшегі. Жер жаннаты Жетісудың жұлдызы – Жарқырай бер, мақтан етем мен сені!

Дүйсен САНДЫБАЙҰЛЫ,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент.



50 жылдан астам білім беру саласында аянбай еңбек етіп, жас ұрпақты тәрбиелеп, білім нұрымен нәрлендіріп, мемлекетті нығайтуға зор үлес қосып келесіздер. Біз білім беру саласында көптеген жоғары оқу орындарымен ынтымақтасамыз. Соның ішінде Жетісу университетінің орны біз үшін ерекше. Қазақ-қырғыз арасындағы ғасырлар бойы сақталып келе жатқан достық қарым-қатынасты біз әрқашан жоғары бағалаймыз. «Керегелеріңіз» мықты, «түндіктеріңіз» биік, білім жолы кең болсын.

50 жылдық мерейтой құтты болсын! Жұмыстарыңыз тұрақты болып, әрқашан жеңіске жете беріңіздер, жастарға білім нұрын шаша беріңіздер! Біздің ынтымақтастығымыз ұзақ жылдарға жалғасатынына сенімдіміз.

Маққамбай ДАРБАНОВ,
Заманауи халықаралық университетінің ректоры.

Талдықорған шаһарындағы университеттің құрылғанына 50 жыл толып отыр екен. Жетісу университеті осы уақыт ішінде заман талабына сай дамып, өзіндік сара жолы бар білім мен ғылымның қара шаңырағына айналғанын көріп отырмыз.

Сіздерді университеттің 50 жылдық мерейлі бәлесімен құттықтаймын!

Бұл Жетісу өңірі үшін айтулы оқиға деп ойламын.

Жарты ғасырлық бәлесті абыроймен бағындырған университет жетістіктері алдағы кезеңде де жаңа қадамдармен жалғасын таба берсін. Білім және ғылым бойынша инновациялық бағытта өлемдік талаптарға сай іс-шараларды жүзеге асыруда бірігіп, ынтымақты жұмыс істеудің тиімді тетігін табатынымызға сенемін.

Фарход ОЧИЛОВ,
Өзбекстан Республикасы Қаршы мемлекеттік университетінің Бейнелеу өнері және инженерлік графика кафедрасының доценті, техника ғылымдарының кандидаты.



Биыл университет ұжымы үшін ерекше, мерейлі жыл екен.

Білім ордасының 50 жылдық үлкен тарихи жолдан өтіп, өзіндік брендін қалыптастырып үлгерген іргелі оқу орнына айналғанын көруге болады.

Барша университет ұжымын, тұлғалар мен шәкірттерін мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтаймын.

Кәсіби маман даярлау ісінде өркез алғы шепте болып, жемісті өрі жеңісті күндердің куәсі болыңыздар.

Сіздерді бауырлас қырғыз елінің атынан, Көл университеті атынан құттықтай отырып, шексіз алғыс білдіреміз.

Алдағы уақытта екіжақты байланыс аясында әріптестігіміз өз жалғасын таба берсін.

Алайбек ОРОЗБАЕВ,
Ыстық Көл университеті Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасының меңгерушісі, Қырғызстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

● Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.

● «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

● Газет айына бір рет шығады.

● Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

Медиаорталық басшысы
Баян Шаянбаева

Бас редактор: А. Иебекова
Тілші: С. Әшірбекова
Корректор: А. Махимова
Дизайнер: Н. Елшібеков
Фотограф: С. Туранов

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187 а.
Байланыс телефоны: 12-00

Индекс 64568
Тапсырыс №1028-1029
Таралым 2000 дана